

# Неміс оккупациясынан азат етілген аудандарда шаруашылықты қалпына келтіру жөніндегі шұғыл шаралар туралы

(Басы 2-бетте).

Егіс гектарынан килограмм есебімен берілетін пішен

	Егіс	Қуаңша- бындық	Суармалы аудандық
Орел облысы	1	9	20
Смоленскі »	3	18	29
Курскі »	1	10	20
Калинин »	4	16	29
Украин ССР облыстары	4	18	35

1942-43 жылдары күзгі-қысқы кезеңде неміс оккупациясынан азат етілген басқа аудандардың барлығының колхоздары мемлекетке шөпті Мемлекеттік Қорғау Комитетінің 1943 жылғы 27 июльдегі № 3823-С қаулысына сәйкес тапсыратын болсын.

12. Облыстық және өлкелік аткомдарға, халық комиссарлары советтеріне, БК(б)П облыстық және өлкелік комитеттеріне осы қаулының 9, 10 және 11 пункттері бойынша белгіленген мемлекетке астық, күнбағыс, картоф, овощ және пішен тапсыру нормалары негізінде дайындау Халық Комиссариатының бекітуімен аудандарда бұл нормаларды кемітуге немесе арттыруға құқы берілсін, бірақ, орта есеппен алғанда жоғарыда көрсетілген нормалар сақталатын болсын.

Аудандық аткомдарға және БК(б)П аудандық комитеттеріне дайындау Халық Комиссариатының облыстары (өлкедегі, республикадағы) өкілінің бекітуі бойынша, мемлекетке астық, күнбағыс, картоф, овощ және пішен тапсырудың аудандық нормаларын және колхоздар үшін 50 процентке дейін кеміту немесе арттыру рұқсат етілсін, бірақ мемлекетке астық, күнбағыс, картоф, овощ және пішен тапсырудың нормалары жалпы алғанда бүкіл ауданда, сол аудан үшін бекітілген нормаларға толық сәйкес келетін болсын.

13. 1942-43 жылдардың күзгі-қысқы маусымында неміс оккупациясынан азат етілген аудандардың, сол сияқты малы кезінде көшірілген аудандардың колхоздары мемлекетке міндетті түрде берілетін етті, сүтті және жүнді колхоздардағы бар малдың нақты санына қарай. ССРС Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің 1942 жылғы 20 декабрьдегі № 1989 қаулысына сәйкес тапсыратын болсын.

14. Неміс оккупациясынан 1943 жылғы 1 июльден кейін азат етілген аудандардағы колхоз үйлері, жеке шаруалар, жұмысшылардың, қызметшілер мен қолөнершілердің шаруашылықтары 1943 жылғы егіннен астық пен картофты Қызыл Армия қорына ажыналған егіннің гектарынан тапсыратын болсын: колхоз үйлері, жұмысшылар мен қызметшілердің және кооперацияға ұйымдасқан қолөнершілерінің шаруашылықтары колхоздар үшін белгіленген нормадан 10 процент артық, ал жеке шаруалардың және кооперацияға ұйымдаспаған қолөнершілер шаруашылықтары 30 процент артық тапсыратын болсын.

15. Неміс оккупациясынан 1943 жылғы 1 июльден кейін азат етілген аудандарда колхоз үйлері, жеке шаруалар және селолық жерлерде тұратын, жеке пайдалануында малы бар жұмысшылардың, қызметшілер мен қолөнершілердің шаруашылықтары 1943 жылдың екінші жартысында ет пен сүтті Қызыл Армия қорына мынадай мөлшерде тапсыратын болсын:

Колхоз үйлері, жұмысшылардың, қызметкерлердің және кооперацияға ұйымдасқан қолөнершілердің шаруашылықтары үшін

бір шаруашылықтан тапсырылатын ет малдың тірдей саамы бойынша кг есебімен	бір сайырдан тапсырылатын сүт (литр есебімен)
Орел облысы	15 60
Смоленскі »	15 60
Курскі »	15 50
Калинин »	15 60
УССР облыстары	15 55

Жеке шаруалардың және кооперацияға ұйымдаспаған қолөнершілері шаруашылықтарының ет пен сүт тапсыру нормалары колхоз үйлері үшін белгіленген нормалардан 30 процент артық болып белгіленеді.

16. Облыстық және өлкелік аткомдарға, халық комиссарлары советтеріне, БК(б)П облыстық және өлкелік комитеттеріне Дайындау Халық Комиссариатының келісуі бойынша мемлекетке ауыл шаруашылық продуктыларын тапсыру мерзімдерін осы қаулыға сәйкес белгілеу міндет етілсін.

17. ССРС Дайындау Халық Комиссариатына, Жер Халық Комиссариатына, Ет-сүт өнеркәсібі Халық Комиссариатына неміс оккупациясынан азат етілген аудандардың колхоздарынан көшірілген, ол колхоздар үшін белгіленген міндеттемелерден және сол мал апарылған облыстардың ет тапсыру планынан тыс тапсырылған малын есепке алып, ССРС Халық Комиссарлары Советіне ол малды бұл шаруашылықтардың мемлекетке кейінгі жылдардағы ет тапсыру міндеттемелерін орындау есебіне қосу тәртібі туралы ұсыныс енгізу тапсырылсын.

18. ССРС Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің 1943 жылғы 10 июльдегі № 743 қаулысын шінара өзгерту ретінде, Курскі облысы аудандарының колхоздарының Қызыл Армия астық қорына 1943 жылғы егіннен астық тапсыру планы бұрын бекітілген 9000 мың пұт орнына 4000 мың пұт болып бекітілсін.

Курскінің облыстық аткомы мен БК(б)П обкомына он күннің ішінде осыған сәйкес, Қызыл Армияның астық қорына 1943 жылғы егіннен астық тапсыру жөніндегі аудандық нормалар мен колхоздардың міндеттемелерін кеміту міндеттелсін.

19. МТС-тардың жұмысы үшін заттай ақы төлеу ретінде өткен жылдардан бері колхоздар борышты болып келген және 1943 жылғы төлеуге тиіс болған 1.024 мың пұт астықты, колхоздар 1943 жылдың

егінінен міндетті түрде тапсыруға тиіс болған 4.676 мың пұт астықты және Қызыл Армияның астық қорына берілуге тиіс болған 3.300 мың пұт астықты 1944 жылдың егіннен дейін қалдыру жолымен Сталинград облысының 1943 жылғы егіннен астық тапсыру планы жалпы алғанда 9000 мың пұт кемітілсін.

Сталинград облысының колхоздары 1943 жылы міндетті түрде зығыр

## Колхоздар мен совхоздарға 1943 жылғы күзгі егіс тұқымы жөнінде көмек көрсету туралы

1. 1944 жылғы арнап күздік егістер егу планының орындалуын қамтамасыз ету мақсатымен колхоздарға мемлекет ресурстарынан күздік егіс үшін 55.000 тонна тұқым қарызға берілсін, оның ішінде:

Воронеж облысының колхоздарына	— 4000 тонна
Ростов облысының колхоздарына	— 16.000 тонна
Курскі облысының колхоздарына	— 500 тонна
Украин ССР колхоздарына	— 12.000 тонна
Сталинград облысының колхоздарына	— 10.000 тонна
Смоленскі облысының колхоздарына	— 3000 тонна
Ставрополь өлкесінің колхоздарына	— 5000 тонна

2. Ростов облысында, Украин ССР-нда берілетін күзгі егістердің тұқымын колхоздар 1943 жылғы 15 октябрьден қалдырмай, қолданылып отырған ауыстыру эквиваленті бойынша, әрбір 100 центнерге 2 центнерден өсім қосып, көктемгі егілген әр түрлі азық-түлік егістерінің өнімінен астықтай қайтаратын болсын, ал сортты тұқым берілген болса, оның сорттылығы үшін де үстеме қосатын болсын.

Воронеж, Курскі, Сталинград, Смоленскі облыстарының және Ставрополь өлкесінің колхоздарына берілетін күздік егістердің қарыз тұқымы ерекше шартпен, берілген қарыз тұқымының әрбір 100 центнеріне 10 центнер үстеме қосып, 1944 жылғы егіннің өнімінен қайтарылатын болсын.

3. 1-пунктте көрсетілген облыстар мен республикалардың облыстық аткомдары мен халық комиссарлары советтерінің председателдеріне колхоздардың қарыз тұқымы осы қаулы бойынша белгіленген мерзімдерде қайтаруын қамтамасыз ету міндеттелсін және оның қайтарылуына сол председателдердің өздері жауапты болсын.

4. Оның үстіне ССРС Дайындау Халық Комиссариаты мен Жер Халық Комиссариаты Госсортфондтың, Госстрахфондтың және Заготзерно-

және майкене тапсырудан босатылсын және өткен жылдардан колхоздар борышты болған 6385 тонна зығыр, 1633 тонна майкене алынбайтын болсын.

Сталинград облысының колхоздары борышты болған 19.920 тонна горчица алынбайтын болсын және Сталинград облысының колхоздары 1943 жылы міндетті түрде горчица тапсырудан босатылсын.

ның ресурстарынан колхоздарға көктемгі бидайды, тарыны, пречиханы және дәнді-бұршақ егістерді күздік астыққа айырбастау ретінде 40.000 тонна күздік егістердің тұқымы, оның ішінде: Сталинград облысына 5000 тонна, Воронеж облысына 20.000 тонна, Ставрополь өлкесіне 15.000 тонна тұқым беру міндет етілсін. Бұл тұқымдық астық колхоздарға, олар айырбасталатын астықты Заготзерноның станциядағы және пристаньдағы пункттеріне әкеліп тапсырғаннан кейін берілетін болсын.

5. Колхоздарға тұқымдық учаскелерден түскен астықтан тыс жалпы күздік егістерден 55.000 тонна астықты, оның ішінде: Сталинград облысында 10.000 тонна, Ставрополь өлкесінде 20.000 тонна, Краснодар өлкесінде 25.000 тонна астықты егіс үшін пайдалануға рұқсат етілсін.

6. Қатынас жолдары Халық Комиссариатына 1943 жылғы 1 сентябрьден қалдырмай, Заготзерно пункттерінің көрсетуі бойынша Украин ССР-ның Ворошиловград және Харьков облыстарына 12.000 тонна тұқым астық жеткізу міндет етілсін.

7. ССРС Совхоздар Халық Комиссариатының совхоздарына, қазіргі қолданылып отырған айырбастау эквиваленті бойынша әртүрлі дәнді және майлы өсімдіктерге айырбастау ретінде 16.870 тонна күзгі егістер тұқымын, оның ішінде: Воронеж облысына 2500 тонна, Краснодар өлкесіне 8000 тонна, Ставрополь өлкесіне 6000 тонна, Курскі облысына 120 тонна, Қалмақ АССР-на 250 тонна тұқым берілсін.

ССРС Совхоздар Халық Комиссариатының совхоздарына берілген қарыз тұқымының әрбір 100 центнеріне 10 центнер үстеме қосып, 1944 жылғы егіннің өнімінен қайтару шартымен Сталинград облысында 4000 тонна, Ростов облысында 4000 тонна күздік егістердің тұқымы қарызға берілсін, сол сияқты Сталинград облысының совхоздарына 1943 жылғы күзгі егістерден түскен өнімінің бәрін тұқымға пайдалануға рұқсат етілсін.

## VI Машина-трактор станциялары мен машина трактор мастерскойларын қалпына келтіру шаралары туралы

Орел облысында

1. Орелдің облыстық аткомына және БК(б)П обкомына 1943 жылғы

33 МТС-ты, ағымдағы ремонтты атқаратын 33 мастерскойды және құра (Жалғасы 4-бетте).